

13 – сабақ тапсырмалары.

№1. Туристер баруға тиісті қашықтықтың 70 % - ін автобуспен жүріп, қалғанын пойызбен жүрді. Туристер баруға тиісті қашықтықтың неше процентін пойызбен жүрді? 100 % үшін қандай шаманы алу керек?

№2. Жеміс сусынын дайындау үшін алынған кептірілген жемістердің 35 % - і алма, 30 % - і алмұрт, 25 % - і өрік, қалғаны алхоры. Кептірілген жемістердің неше проценті алхоры?

№3. Шеңбердің радиусы оның диаметрінің неше процентін құрайды?

№4. Квадраттың қабырғасының ұзындығы оның периметрінің неше процентін құрайды?

№5. Алманың $\frac{17}{20}$ – сі су. Алманың неше проценті су?

№6. Орамжапырақтың $\frac{9}{10}$ – ы су. Орамжапырақтың неше проценті су?

№7. Теңіз суының 5 % - і тұз. Теңіз суының неше бөлігі тұз?

№8. Жер бетінің шамамен 71 % - ын мұхиттар алып жатыр. Мұхиттар Жер бетінің қандай бөлігін алып жатыр?

№9. Жұмысшы күндік тапсырмасын 18 % - ке артық орындады. Жұмысшы күндік тапсырмасын неше процент орындады?

№10. Комбайншы комбайнның ақауы болмағандықтан, күндік тапсырмасын межелегеннен 12 % - ке кем орындады. Комбайншы күндік тапсырмасын неше процент орындады?

№11. Мирас тақтаға 3 – ке бөлінетін, 5 – ке бөлінетін сандарды жазды. Ол тақтаға жазған сандардың 50 % - і 3 – ке бөлінеді, 70 % - і 5 – ке бөлінеді. Мирас тақтаға жазған сандардың неше проценті 15 – ке бөлінеді?

№12. Сыныптағы ұлдар қыздардан 20 % - ке артық. Сынып оқушыларының неше проценті ұлдар, неше проценті қыздар?

№13. Бұйымның бағасы бірінші айда 20 % - ке қымбаттады, екінші айда соңғы бағасы 20 % - ке арзандады. Бұйымның бағасы неше процентке қалай қалай өзгерді?

№14. Бұйымның бағасы 12 % - ке қымбаттады. Егер осы бұйымның алғашқы бағасы 8000 теңге болса, оның қымбаттаған бағасы неше теңге?

№15. Мұздатқыштың бағасы 15 % - ке арзандады. Егер мұздатқыштың алғашқы бағасы 70 000 теңге болса, оның арзандаған бағасы неше теңге?

№16. Тік төтбұрыштың ені 6 см, ұзындығы одан 75 % ұзын. Тік төртбұрыштың ауданын табыңыз.

№17. Қоланың 85 % - і мыс, қалғаны қалайы. 5 кг қоланың құрамындағы мыс қалайыдан неше килограмм артық?

№18. АВ қабырғасының ұзындығы ABC үшбұрышы периметрінің 35 % - іне, ал ВС қабырғасының ұзындығы 25 % - іне тең. Егер ABC үшбұрышының периметрі 24 см болса, оның AC қабырғасының ұзындығы неше сантиметр?

№19. Ауылдағы 620 үйдің 80 % - інде ит бар, 50 % - інде мысық бар. Ауылдағы неше үйде ит те, мысық та бар?

№20. Банкке 5 % - тік жылдық өсіммен 3750 000 теңге салынды. Банкке салынған ақша бір жылдан соң неше теңге болды?

maxmath.kz